

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

Отбасы құндылықтар

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.01.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/130030/

Адамдардың ортасында өмір сүріп бақытты болу дегеніміз-ең алдымен өзіңе тиістіні тыңдыру,өз борышыңды ақтай білу деген сөз .

В.Сухомлинский

Отбасы – адам баласының өсіп-өнер алатын алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты ,қызық дәурені осы отбасында өтеді. Отбасы мүшесі ретінде сенің міндетің- ата-анаңды, туған туыстарыңды,жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұту ,жасы кішілерге қамқорлық жасау , мектептегі сабағыңда жақсы оқып, білімді, мәдениетті, жан-жақты болуға өсуге ұмтылу. Сонымен бірге отбасылық құндылықтардың , айтқанда белгілі дәстүрлердің жағымды өнегелер, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақталуына өзіндік үлес қосу да біздің міндетіміз.

Отбасы-адамның рухани тірегі. Отбасың бақытты болу үшін сен де өз үлесінді қосуың тиіс. Ана сүтімен бірге даритын,үлкенді сыйлап,ізет көрсету,кішіге қамқорлық жасау асыл қасиеттеріңді бойына сініріп,қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат болып өсуге ұмтылуың керек. Сен- өміріміздің жалғасы,ереңі,жарқын болашағымыз,ел мен жердің иесісің. Күнделікті өмірде адамдармен қарым-қатынас барысында өмірдегі түрлі жағдайларда өзінді қалай ұстауды,адамгершілік әліппесінің игерсін,атап айтқанда,мейірімді,кішіпейіл болу,ізеттілік,сыйластық,үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынас болу сияқты тәжірибе жинақтайсың.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.